



Өңірде оң өзгерістер
мол



2-бет

Бүгінгі қолдау –
ертеңгі салық



4-бет

Боямасыз болмыс
бейнесі



8-бет

Болашақ кәсіптің бағдары

Еңбек нарығының талабы күн санап өзгереді. Кеше сұраныста болған кәсіптің мазмұны бүгін жаңарып, технологиямен бірге мүлде жаңа мамандықтар пайда болуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды тапсырып, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге ерекше мән берген еді. Президентіміз «өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады» деп, кәсібилік пен еңбекқорлықтың қоғамдағы орнын айшықтады. Кеншілер өлкесінде осы өзгеріске бейімделу бағытында жаңа мамандықтар ашылып, кәсіптік бағдар мен оқу бағдарламалары қайта қаралып жатыр. Ендеше, өңірдің білім жүйесі ертеңгі еңбек нарығының сұранысын қаншалықты дәл болжап отыр? Саралап көрейік...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нарық қандай маманды күтеді?

Бұл міндеттің мәні уақыт өткен сайын тереңдей түсті. Мемлекет басшысы кейінгі Жолдауында цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жедел өзгертіп жатқанын атап, жасанды интеллектпен жұмыс істей алатын мамандарға сұраныстың арқанын айтты. Сонымен бірге, елімізге техникалық кәсіпті жетік меңгерген білікті кадрлар қажет екенін нақтылап, білім беру жүйесі еңбек нарығындағы өзгеріске ілесе алуға тиіс екенін ескертті.

Еңбек нарығындағы өзгерісті маман даярлау жүйесінен бөле жарып қарау мүмкін емес. Қай салада жұмыс орны көбейеді, қай кәсіпке сұраныс артады, қандай дағды қажет болады – осының бәрі білім беру тапсырысына тікелей әсер етеді.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының болжамынша, 2026-2029 жылдары өңірге 20 873 маман қажет. Сұраныстың ең ауқымды бөлігі өнер-



Қолжазба жасаған: Арайлым Қоңғарова

кәсіпке тиесілі. Бұдан бөлек, білім беру, құрылыс, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, энергетика мен көлік салаларына да кадр керек.

– Экономикаға жаңа технологиялар енгізілген сайын заманауи құзыреттері бар мамандарға қажеттілік артып келеді. Бірақ, нарықтағы талап мамандық атауымен шектелмейді. Қазір жұмыс берушілер практикалық машығы қалыптасқан, заманауи жабдықпен жұмыс істей алатын, өндірістегі цифрлық жүйелерді меңгерген кадрға көбірек мән береді. Дәнеркерлеуші, электрмонтер, машинист, жабдық операторы секілді жұмысшы кәсіптеріне сұраныс жоғары. Инженерлік бағыттағы мамандарға қойылатын талап та күрделене түсті. Сондықтан, кадр даярлау ісі еңбек нарығындағы өзгерістермен қатар жүруі қажет, – дейді облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы еңбек на-

рығын талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетова.

Мәселенің түйіні осында. Бір кәсіпке сұраныс азайып жатқанда, екіншісінің мазмұны жаңарады. Үшінші бағыт мүлде жаңа мамандық ретінде қалыптасуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім беру жүйесіне бүгінгі бос орынды есептеу аздық етеді. Ертеңгі өндірістің қай маманды іздейтінін де алдын ала пайымдау қажет.

Осы тұста кәсіптік бағдардың салмағы артады. Өйткені, болашақ кадрдың еңбек нарығымен алғашқы байланысы колледж табалдырығында емес, мамандық таңдайтын кезде басталады.

Таңдау қай кезде қалыптасады?

Облыста кәсіптік бағдар жұмыстарына жыл сайын он мыңнан астам оқушы тартылады. 2024 жылы мұндай шараларға 12 746 оқушы қатысса, былтыр олардың

саны 11 535 болған. Биыл кәсіби сынама-ларға 12 435 оқушы қатысқан.

Кәсіптік бағдардың мазмұнының да өзгергені жасырын емес. Оқушылар колледж мамандықтарымен танысып, кәсіби сынамадан өтеді. Өндіріс орындарына экскурсияға барады, түрлі шеберлік алаңдарында өз қабілетін байқап көреді. Мұндағы мақсат – мамандық атауын жаттатудан гөрі, баланың сол кәсіптің нақты мазмұнын түсінуіне жағдай жасау.

Соған қарамастан, мамандық таңдау кезінде нарық сұранысы үнемі шешуші рөл атқара бермейді. Ата-ананың кеңесі, гранттың болуы, мамандықтың қоғамдағы беделі, оқу жеңіл көрінуі секілді факторлар да әсер етеді. Мұны жастардың өз сөзі де аңғартады.

Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасындағы Инновациялық технологиялар колледжінің II курс студенті Ислам Нұрбергенұлы



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мамандық таңдауда кәсіптік бағдардың орны ерекше деп есептейді.

– Қазір заман ағымына қарай жаңа мамандықтар пайда болып, кей кәсіптердің маңызы бәсеңдеді. Жастардың қызығушылығы да әртүрлі. Біріне ата-анасы бағыт береді, енді бірі грантқа қарай таңдау жасайды. Меніңше, осы жерде кәсіптік бағдарды күшейту қажет. Өзім заманауи технологияларға қызыққаныммен, сол бағыт бойынша грантқа түсе алмайтынымды түсініп, мемлекеттік грант бөлінген техникалық мамандықты таңдадым. Сондықтан, жастарға әр кәсіптің болашағын ертерек түсіндірген дұрыс, – дейді Ислам Нұрбергенұлы.

Жаңа сұраныс – жаңа мамандық

Еңбек нарығындағы өзгеріс білім жүйесін де жаңа бағыттарға бет бұруға итермелейді. Өйткені, бірнеше жыл бұрын тосын көрінген кәсіптің өзі бүгін нақты қажеттілікке айналуы мүмкін. Сондықтан, колледждер мамандықтар тізімін тек қалыптасқан сұранысқа қарап емес, өңір экономикасының алдағы бағытын ескере отырып жаңартып келеді.

– Қазіргі еңбек нарығы бұрынғыдай бір қалыпта тұрмайды. Өндіріс жаңарған сайын маманға қойылатын талап та өзгереді. Сондықтан, біз жұмыс берушілердің сұранысын, салалардың даму бағытын, жаңа технологиялардың ену қарқынын ескеруге тырысамыз.

➤ 3-бет

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жігерге толы жас дәурен

Жастардың жұмыспен қамтылуы, кәсіп бастауына жағдай жасау, және қоғамдық өмірге белсенді араласуы – өңірдегі жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі. Қарағанды облысында бүгінде 303 мыңнан астам жас бар. Облыс халқының 26,7 пайызы. Оларға жасалған жағдай қандай, қандай жобалар нәтиже беріп жатыр? Бұл туралы облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мен Жастар ресурстық орталығының өкілдері өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында баяндады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста жастар саясатының ауқымы кеңейіп келеді. Бүгінде жастарды тек іс-шараларға тарту емес, олардың жұмысқа орналасуына, кәсіп бастауына, білім алуына, өз жобаларын жүзеге



асыруына және қоғамдық бастамаларға араласуына мүмкіндік беруге басымдық беріліп отыр.

Облыстық жастар саясаты мәселе-

лері жөніндегі басқарманың мәліметінше, өңірде 77 жастар үкіметтік емес ұйымы тіркелген.

➤ 3-бет

Дәрігерден цифрға дейін

Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру медициналық көмектің қолжетімділігін арттырды. Дәрігерлердің жұмысы жеңілдеп, саладағы бақылау аясы кеңейе түсуде. Үкімет бұл бағытта бірінші цифрлық жүйелерді лек-легімен енгізіп келеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрлігінің мәлімдеуінше, бүгінде бірінші цифрлық платформада 21,3 мыңнан астам медициналық ұйым, 275 мың медицина қызметкері және 141 мыңнан астам медициналық техника туралы дерек жинақталған. Цифрлық шешімдердің нәтижесінде медицина қызметкерлерінің кімшілік жүктемесі 30-40%-ға төмендеген.

Электрондық қызметтердің үлесі де артып келеді. Былтыр денсаулық сақтау саласында көрсетілген 215

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ
2026

млн-нан астам мемлекеттік қызметтің 190,8 миллионы электрондық форматта ұсынылды. Сонымен қатар, 8,5 млн-нан астам электрондық медициналық анықтама беріліп, 5,6 млн азамат дәрігер қабылдауына онлайн жазылған.

Әйелдер мен балалар денсаулығын цифрлық бақылау жүйесі де жетілдірілді. Миллиондаған азаматтың денсаулық көрсеткіштері электрондық жүйе арқылы бақыланып, 3,6 млн пациент динамикалық бақылауға енгізілген.

Цифрландыру қаржы тәртібін күшейтуге де ықпал етті. Пациенттердің цифрлық сәйкестендіру 1 950 медициналық ұйымда енгізіліп, соның нәтижесінде 10,6 млрд теңгеге жуық негізсіз медициналық қызметтің алдын алуға мүмкіндік туған.

Өңірде оң өзгерістер мол

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Абай ауданына жұмыс сапарын Дубовка ауылынан бастап, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мұнда атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Сол бойынша ауылдағы 17 көшенің онының 9 шақырымына асфальт төселіп, республикалық жол бойындағы үйлерге 2,8 шақырым қоршау орнатылып, 1398 метр жабық нөсер кәрізінің құрылысы жүріп жатыр екен.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан кейін облыс әкімі ауданның бірқатар ауыл шаруашылығы құрылымдарында болып, күзгі жиын-терімнің барысына назар аударды.

Бірінші ат басын тіреген «Шығыс» фермер шаруа қожалығы қазірде картоптың «Гранд» және «Гала» сорттарын, бидайдың «Шортандылық 2012» және «Қарағандылық 31», арпаның «Вакуленко» тұқымдарын өсіріп отыр екен. Қожалық 300 миллион теңге өз қаржысы есебінен бір мезгілде 1,5 мың тонна астық сақтай алатын жаңа қойма салып, енді мыңнан артық ірі қара малын ұстайтын жобалық құны 1,5 миллиард теңгелік ферманы құруға кіріскен.

Келесі «Жанат» өндірістік кооперативінің егіс алқабында облыс әкімі картоп жинау науқанына куә болды. Бұл кооператив дикандары 100 гектар жерге картоптың «Гала», «Коломба» және «Сарая» сорттарын отырғызған көрінеді. Одан әрі бұл жиналған өнім жаңадан сатып алынған сұрыптау машинасына, одан соң салынып жатқан картоп қоймасына түседі екен.

Жалғыз бұл емес, өнім сақтау инфрақұрылымын дамыту облыс әкімі жұмыс сапарының бір тақырыбына айналды. Егер бүгінде Абай ауданында жалпы 159650 тонна өнім сақтауға қабілетті 35 астық және 50 картоп қоймасы болса, «Достық-2009» ЖШС сыйымдылығы 6 мың тонна көкөніс қоймасын салуды бітіп қалса, «Юбилейное» фермерлік



шаруашылығы да 250 миллион теңгеге жобалық қуаты 4 мың тонналық картоп қоймасының құрылысын жүргізуде.

Абай ауданының аграрлық

саласындағы осындай оң өзгерістермен танысқан Ермағанбет Бөлекпаев осы Юбилейное ауылындағы мектептің күрделі жөндеуінің аяқталу кезеңін көз-

бен көрсе, ауданның Вольный кентіндегі күрделі жөндеуі тәмамдалған мектеп те жаңа оқу жылында оқушыларды қабылдауға дайын көрінеді.

Облыс әкімі ендігі кезекте Топар кентіндегі Шерубай-Нұра су қоймасының оң және сол жағалауында туристік инфрақұрылымның даму мәселесіне де көңіл бөліп, сонда тартылып, орташа жөнделген 11,9 шақырым жолмен жүріп өтіп, бой көтеріп жатқан жаңа нысандармен де танысты.

Ал, аудан орталығы Абай қаласында облыс әкімі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына барып, оның жұмыс үдерісіне қанықты. Аумағы 10 гектарды алып жатқан полигон пайдалануға берілгеннен бергі бір жылдың ішінде толық өндірісі мен еңбек ұжымы қалыптасып үлгеріпті. Яғни, полигонға тасып әкелінген қалдықтар арнайы кешенде қағазы, картоны, пластик, алюминийі бөлек сұрыпталып, әрі қарай өңдеуге жіберілетін көрінеді. Осы іспен шұғылданатын жұмысшыларға қолайлы тұрмыстық жағдайдың бәрі жасалған.

Абай қаласының басындағы магистральдық жылу торапта-



ры мен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мен Әлия Молдағұлова көшелеріндегі жаңғырту жұмыстары, кәріздік тазарту құрылғыларының технологиялық жұмыс циклі де облыс әкіміне көрсетіліп, Ермағанбет Бөлекпаев бұрынғы тұрғын аймақта бой көтеретін экокәкқа да ат басын бұрды. Өткен жылы қоқыс қалдықтарынан тазартылған бұл алқапқа 14 мың түп тал егіліп, фрезерленген асфальттан 6 шақырым жол төселіп, оған 29 жарықтандыру тірегі орнатылып, осында футбол алаңы мен көше амфитеатры жасалып, осы жаздың өзінде көпшіліктің демалып, тынығатын орнына айналған. Экобақ аумағын дамыту әлі де жалғаса түсуде.

Ермағанбет Қабулаұлы жүзу бассейнінің екінші қабатында орналасқан Ұзақ өмір сүру орталығына барғанда, онда шахмат, дойбы ойнап, іс тігіп, тіл үйреніп жүрген қариялармен тілдесіп, оларға зор денсаулық пен ұзақ өмір тіледі.

Облыс әкімінің Абай ауданын аралаған жұмыс сапарының соңы «Жігер» стадионының жаңғырған футбол алаңын көрумен түйінделіп, қалалық Мәдениет үйінде халықпен кездесіп, емен-жарқын әңгімелесуге ұласты. Бұл кездесуде Абай ауданының әкімі Сәбит Оспановтың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндамасы тыңдалып біткен соң Ермағанбет Бөлекпаев аудан тұрғындарын толғандырған сұрақтарға жауап беріп, оларды жеке де қабылдады.

Абай ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Коллаж жасаған Айбек Рахымов

• САЛТАНАТ

Спорт саңлақтары ұлықталды

Өңірде жыл басынан бері спорттың сап алуан бағытында ел мерейін үстем етіп, халықаралық және республикалық додаларда жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар аз емес. Бүгінде Қазақстанның Спорт күніне орай Қарағандыда мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, жеңімпаздар мен спорт саласының үздіктеріне құрмет көрсетілді. Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей мен облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов қатысып, спортшылар мен сала мамандарын айтулы мерекемен құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде спорт саласын дамытуға мемлекет тарапынан айрықша басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Әрі жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен бұл бағытта кешенді әрі жүйелі жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылып келе жатқанын жеткізді.

– Спорт – тек жеңіс пен қуаныштан тұрмайды. Жеңіспен таразыланатын сынақ. Алайда, ең бастысы, спорт ұлттың рухы мен деңгейінің айнасы. Ал, онда ұшан-теңіз еңбек, спортшыларымыз бен бапкерлеріміздің мұқалмас жігері, темірдей тәртібі тұр. Бүгінгі таңда қол жеткізген жетістіктеріміз ең алдымен, сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің және мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесі. 2023 жылы облысымызда спортты дамытуға 24 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 2,5 миллиард теңгеге артық. Бірақ, біздің басты мақсатымыз – қаржы көлемін арттыру емес, бөлінген әрбір теңгенің тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету. Өңірде спортшылардың әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жүйелі орта қалыптасып келеді, – деді Әлібек Әлденей.

Маңызды қадамның бірі – за-

манауи инфрақұрылымды дамыту. Аймақ жекелеген нысандар салудан заманауи кластерлік тәсілге көшкен. Жоба аясында футбол академиясының құрылысы басталды. Келешекте бұл кластер универсалды мұз айдынын, жеңіл атлетика манежін және жаңа олимпиадалық резерв мектеп-интернатын біріктіретін болады.

Ал, Нұркен Сайфиддинұлы өз сөзінде өңір тұрғындары үшін дене шынықтырумен тұрақты айналысуға қолайлы жағдай қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Бұқаралық, кәсіби, инклюзивті және ұлттық спорт түрлерін дамыту – басты басымдықтың бірі екенін атап өтті.

– Арқа өңірі – саңлақ спортшылардың отаны. Василий Жиров, Геннадий Головкин, Серік Сәпиев, Дмитрий Карпов, Серік Елеуов, Эльмира Сыздықова сынды әлемге танымал саңлақтардың жолын бүгінде жас дарындарымыз дара дәстүрмен жалғастырып келеді. Ұлттық спорт түрлерін жаңғырту мен насихаттауға айрықша мән берілуде. Өйткені, ұлттық спорт – халқымыздың төл мәдениеті мен рухани мұрасының ажырамас бөлігі, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Мерекеге орай Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, сурдотаквондодан Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегерлері

Аян Абдраш пен Айжамол Абдиакатоваға, Айда Макатоваға және парадзюдодан Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Паралимпиада ойындарының қола жүлдегері Даяна Федосоваға бір бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Ал, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, сурдодзюдодан Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегері Еркебұлан Қанафинге 3 бөлмелі пәтердің кілті берілді.

– Дүбірлі долада ел намысын қорғап, III орыннан көрінген еңбегімнің елеусіз қалмағанына өте қуаныштымын. Спортшылардың бағын жандырып, осындай қуаныш сыйлаған облыс әкімдігіне, дене шынықтыру және спорт басқармасына шексіз алғысымды білдіремін. Тхэквондо секциясына алғаш рет атама ілесіп келген едім. Осы спорт түрі бірден жаныма жақын болып, үлкен қызығушылығымды оятты. Содан бері табандай 18 жыл өтіпті. Бүгінде сол таңдауыма еш өкінбеймін. Алға қойған мақсаттар мен тынымсыз жаттығулардың арқасында Сурдлимпиада ойындарының чемпионы атандым. Соңғы екі Сурдлимпиадада екі мәрте қола жүлдеге ие болдым. Барша спортшыларды төл мерекемізбен шын жүректен құттықтаймын, – деді Жапонияның астанасы Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегері Аян Абдраш.

Таяквондодан Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Виктор Фрундин Туризм және спорт министрлігінің «Спорт саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Қазақстанның Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбодан КСРО-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері, кәсіпкер, меценат, спорт ардагері



Талғат Байшолақов, Бұқар жырау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Олег Цыганков және облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері Александра Анисимоваға «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі тағылды.

Үстел теннисі бойынша олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің басшы Токтамыс Хасенов, облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі басшысының орынбасары Гүлнара Туганбекова, Олимпиадалық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің бас есепшісі Алмагүл Исаева мен

мектептің әдіскері Алмагүл Маурау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Олег Цыганков және облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері Александра Анисимоваға «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі тағылды.

Үстел теннисі бойынша олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы Эльмира Алиева мен Еркін күрестен КСРО спорт шебері, Токтамыс Хасенов, облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі басшысының орынбасары Гүлнара Туганбекова, Олимпиадалық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің бас есепшісі Алмагүл Исаева мен

дагері Шафхат Мурсалимовтың кеудесіне тақты. Теміртау қаласының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған спорт-мектебінің басшысы Нұрлан Түсіпов «Спорт саласының кәсіподақ үздігі» төсбелгісінің иегері атанды.

Одан бөлек, сала мамандарына, өзге де спортшылар мен олардың ата-анасына, жаттықтырушыларға министрліктің және Ұлттық Олимпиадалық комитетінің Құрмет грамотасы табысталды. Және облыс әкімі мен мәслихаттың Алғыс хаты, дене шынықтыру және спорт басқармасының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• РЕСМИ

Талап жаңарды

Ел азаматтары енді кепілсіз қарыз рәсімдегеннен кейін 14 күн ішінде одан айыппұлсыз бас тарта алады. Бұл норма Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген банктерге қойылатын жаңа талаптарда қарастырылған.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжатқа сәйкес, аталған құқық мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген қарыз шарттарына, сондай-ақ, осы қарызға байланысты жасалған ерікті сақтандыру шарттарына қолданылады.

Қарыз алушы шарт жасалған күннен бастап, 14 күнтізбелік күн ішінде қаржы өнімінен немесе қосымша қызметтен бас тартуға құқылы. Бұл ретте қарызды қайтару толықтай тегін болмайды. Қарыз алушы қаражатты нақты пайдаланған кезең үшін есептелген сыйақыны төлеуге міндетті.

Ал, ерікті сақтандыру шартын бұзған жағдайда қаржы ұйымы сақтандыру полисі қолданыста болған уақытқа сәйкес сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін ұстап қалуы мүмкін. Сонымен қатар, қаржы өнімін ұсынуға тікелей байланысты нақты шығындар да өтелуі мүмкін.

Жаңа талаптар бойынша қаржы ұйымдары клиенттерге шарт жасалғанға дейін қарыздан немесе қосымша қызметтен айыппұлсыз бас тарту мүмкіндігі туралы ақпарат беруге міндетті. Бас тарту рәсімі тұтынушыға қолжетімді әрі түсінікті болуы керек және қосымша, негізсіз әрекеттерді талап етпеуі тиіс.

Жаңа норма азаматтардың қаржылық шешім қабылдауына қосымша мүмкіндік беріп, қарыз рәсімдегеннен кейін өз таңдауын қайта қарауға жағдай жасайды.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Соған сәйкес кей бағыттар кеңейіп, жаңа мамандықтар енгізіліп жатыр, – дейді облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Айгерім Түркенова.

Осындай жаңа бағыттардың қатарында гидротехникалық құрылыс, аддитивті өндіріс технологиялары, ақпараттық қауіпсіздік, автоматтандыру мен басқару салалары бар. Бұған қоса, ұшқышсыз аппараттармен жұмыс істеуге қатысты даярлықты дамыту жоспары қарастырылған. Бұл өзгерістердің бәрі мамандық атауын көбейтуді емес, өндірістің жаңарған талабына сай кадр әзірлеуді көздейді.

Жаңа кәсіптің қажет екенін дәлелдейтін нақты мысалдың бірі – су шаруашылығы саласы. Теміртау жоғары политехникалық колледжі биыл «Гидротехникалық құрылыс» мамандығын ашуға кірісті. Колледж директоры Салтанат Ақбергенованың айтуынша, бұл шешім алдын ала жүргізілген еңбек нарығының зерттеуінен кейін қабылданған.

– Біз бұл мамандықты ашпас бұрын су шаруашылығы саласындағы кадр сұранысын зерттедік. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мұндай мамандар өте аз даярланады. Орталық, Шығыс және Солтүстік Қазақстан өңірлерінде де осы бағыттағы кадр тапшы. «Ертіс-Қарағанды» каналының өзінде 200-ден астам маман жетіспейтіні анықталды. Сол себепті, жаңа мамандықтар тізімін қарастырғанда гидротехникалық құрылыс бағытына тоқтадық, – дейді колледж директоры.

Мұның себебі түсінікті. Су шаруашылығы бүгінде инфрақұрылым мен экология мәселесімен тікелей сабақтас. Су құбырлары мен гидротехникалық нысандарды жаңғырту, оларды ережеге сай қауіпсіз пайдалану, жабдықтардың жарамдылығын бақылау кәсіби кадрды талап етеді.

Жаңа мамандық осы міндеттердің бәрін қамтиды. Студенттер гидротехникалық құрылыстарды салу мен пайдалану, техникалық оңалту, гидравлика негіздері, құжаттамамен жұмыс, жабдықтар-



дың жағдайын бақылау және қауіпсіздік талаптарын меңгереді. Оның қарапайым құрылысындан айырмасы да осы – маман су шаруашылығы нысандарының құрылысын, техникалық қызметін және пайдалану тәртібін тұтас игереді.

Колледж бұл бағытты әзірлеу кезінде Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың жұмысымен, өңірдегі су қоймалары мен су шаруашылығы ұйымдарының қызметімен танысқан. Оқу бағдарламасы Тараздағы Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетімен бірлесіп жасалған.

Жаңа мамандыққа мемлекеттік тапсырыс аясында 30 грант бөлінді. Оның 15-і 9-сыныптан кейін, тағы 15-і 11-сыныптан кейін оқуға түсетін талапкерлерге арналған.

– Оқу дуалыды жүйемен ұйымдастырылады. Студенттер теорияны колледжде меңгеріп, тәжірибені су шаруашылығы нысандарында өтеді. Бізге түлектің диплом алғаны емес, өндіріс талабын түсінетін маман болуы маңызды. Сондықтан, студенттерді оқу кезінде-ақ кәсіпорынымен байланыстыруға мән береміз. Практикадан өткен жерде жұмысын жалғастыруына да мүмкіндік бар. Ал, жоғары білім алғысы келген жастар Тараздағы университетте оқуын жалғастыра алады, – дейді Салтанат Еркемқызы.

Жаңа бағытты ашу үшін материалдық база да алдын ала әзірленген. Арнайы қаржы бөлініп, теориялық және практикалық оқу орны жабдықталған. Колледжде су шаруашылығы бағытындағы «Aqualab» орталығы ашылып, студенттердің кәсіби машығын жетілдіруге жағдай жасалған.

Сапалы оқу, талапқа сай құрал-жабдық

Жаңа мамандық ашу – істің басы. Оны сапалы оқыту үшін заман талабына сай құрал-жабдық, зертханалық орта және кәсіби оқытушы қажет. Технология құн санап жаңарып жатқан тұста ескі базаға сүйеніп, жаңа буын маманын даярлау қиын.

Облыстың білім басқармасының мамандары ұсынған мәліметке сәйкес, кейінгі жылдары білім беру ұйымдарының материалдық базасын жаңарту жұмыстары жалғасып келеді. 2022-2025 жылдар аралығында мектептерге 526 жаңа пән кабинеті алынған. Соған қарамастан, өңірде әлі 1 180 заманауи кабинеті қажеттілік бар. Оның ішінде физикадан – 197, химиядан – 203, биологиядан – 203, STEM бағытында – 283, роботтехника бойынша 294 кабинет қажет.

Колледждердегі оқу шеберханаларының жабдыкталу деңгейі 80 пайызға жеткен. Бұл көрсеткіш

жаман емес. Дегенмен, жаңа технологияны меңгертін маманның даярлығы оқу орнындағы мүмкіндіктерге тікелей тәуелді. Өндірісте қолданылатын жабдық колледжде мүлде болмаса, түлектің жұмыс орнына бейімделуі тағы да ұзаққа созылады.

Теміртау жоғары политехникалық колледжіндегі гидротехникалық құрылыс бағыты осы талаппен үндес. Мұнда жаңа мамандық ашылар алдында арнайы қаржы қарастырылып, су шаруашылығы бойынша оқу орталығы жабдықталған. Яғни, оқу бағдарламасы мен материалдық база қатар әзірленген.

Материалдық база қанша жерден жаңарғанымен, оны іске қосатын білікті ұстаз болмаса, нәтиже күткендегідей болмас. Осы тұста техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тағы бір түйткілі байқалады.

Колледждерде арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне сұраныс бар. Әсіресе, қоғамдық тамақтану, көлік жөндеу, теміржол, құрылыс, ветеринария, ауыл шаруашылығы, тау-кен және энергетика бағыттарында кадр тапшылығы сезіледі.

Мәселенің бір себебі, еңбек нарығындағы жалақы айырмасына түреледі. Өндірісте тәжірибе жинаған білікті маман кәсіпорында жоғары табыс таба алады. Ал, сол

деңгейдегі маманды колледжде арнайы пән оқытушысы немесе өндірістік оқыту шебері ретінде тарту оңай емес. Соның салдарынан өндіріс үшін кадр даярлайтын оқу орнының өзі кей салада тәжірибелі маманға зәру.

Бұл түйінді педагогтердің біліктілігін арттыру арқылы шешуге де көңіл бөлінген. 2024 жылы 767 педагог кәсіби даярлықтан өтсе, оның 117-сі өндірістік оқыту шебері болған. Былтыр мұндай курстарға 1 080 педагог қатысып, олардың 184-і өндірістік оқыту шебері санатына кірген. Биыл 1 маусымға дейін 487 педагог біліктілігін жетілдірген. Жылдық жоспар – 1 214 адам.

Өйткенмен, қазіргі технологиялық өзгеріс жағдайында бір рет алған білік ұзақ жылға жетпейді. Жаңа жабдық шыққан сайын оқытушының да білімі жаңарып отырса керек. Өйткені, ертеңгі маманға жаңа дағды үйрету үшін бүгінгі ұстаздың өзі сол технологияны жетік меңгеруі шарт.

Мүмкіндік мекенге қарамауы керек

Кадр даярлау ісіндегі тағы бір мәселе – қала мен ауыл арасындағы мүмкіндік айырмасы. Ауылдық мектептерде пән мұғалімдерінің тапшылығы, жабдықтардың ескіруі, қосымша бағыттардың аздығы байқалады. Мұндай алшақтық кейін баланың мамандық таңдауына да әсер етуі ықтимал.

Аймақта бұл түйткілді тарқату үшін мектептерді жаңа зертханалармен жарактандыру жұмыстары жүйелі. Мұндағы мәселе қарапайым. Ертең инженер, энергетик, технолог немесе агроном болар бала міндетті түрде облыс орталығында туып-өсуге тиіс емес. Техникалық білімге қызығуға, заманауи жабдықпен жұмыс істеуге ауыл оқушысының да мүмкіндігі болуы керек.

Бүгін сұранысқа ие кәсіп ертең басқа мазмұнға көшуі мүмкін. Ал, қазір тосын естілетін мамандық бірнеше жылдан кейін аса қажет салаға айналуы ғажап емес.

Ертең маман таппай сабылмаудың жолы – оның кәсібін бүгіннен тану.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жігерге толы жас дәурен

(Соңы. Басы 1-бетте).

Оның 21-і белсенді жұмыс істейді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар ұйымдарын қолдауға бағытталған жалпы сомасы 337,672 млн теңгені құрайтын 17 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі де төмендеген. 2026 жылдың екінші тоқсанында бұл көрсеткіш 2,7 пайызды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,3 пайызға төмен әрі республикалық деңгейден 0,2 пайызға аз. НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі 6,7 пайызды, яғни, 18 955 адамды құрады.

Былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 1,2 пайызға азайған. Жастарды еңбекке тарту бағытындағы жобаның бірі – «Дипломмен – ауылға!». Биыл кредиттер мен көтерме жәрдемақы алған 320 маманның 279-ы, яғни 87,2 пайызы – жас мамандар.

Жазғы демалысты еңбекпен ұштастырған жастардың да қатары көп. «Жасыл ел» жобасы бойынша биыл 5 мыңнан астам жасты жұмысқа орналастыру жоспарланғанымен, іс жүзінде 6 мыңнан астам жас еңбекке тартылған. Олардың 10-15 пайызын әлеуметтік қолдауды қажет ететін жасөспірімдер құраған. Сонымен қатар, мүгедектігі бар 150 адам жұмыспен қамтылған.

Биыл жобаның форматы да өзгерді. Бұған дейін негізінен жазғы маусыммен шектелген «Жасыл ел» енді жыл бойы тұрақты негізде жүзеге асырылмақ. Жастардың өз идеясын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жобалар да бар. Олардың қатарында «Next Up»-қа, «Senim Alanу», «Jas Fund», «Ұлт

қазынасы», «Талдау мектебі», «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобалары бар. Мәселен, жастар бастамаларын қаржылай қолдауға бағытталған «Jas Fund» жобасына биыл 12 млн теңгеге дейін қаржы бөлініп, 14 жастың жобасы қолдау бөлінді. «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына 266 өтінім түсіп, 25 жас азамат 2 млн теңгеден грант иеленді. Ауыл жастарының әлеуетін арттыруға бағытталған «Ұлт қазынасы» жобасында тәлімгерлікке басымдық берілсе, «Талдау мектебі» жастардың сыни ойлау, кәсіби және стратегиялық талдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жастарға қажетті ақпаратты бір жерден алуға мүмкіндік беретін «Saryarqa Jastary» платформасы да жұмыс істейді. Мұнда мемлекеттік қолдау шаралары, гранттар, тағылымдамалар мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат жарияланып, онлайн-консультациялар көрсетіледі. Платформа мүмкіндігі шектеулі жастар үшін де бейімделген. Жастардың күнделікті мәселесін шешуде Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы ерекше маңызға ие. Қазір облыста 14 орталық жұмыс істейді. Жалпы штат саны – 215 адам. Оның 146-сы жастармен тікелей жұмыс істейтін мамандар. Жыл басынан бері облыста 4 235 іс-шара өткізіліп, оған 214 791 адам қамтылған.

Облыстың Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Кабегеновтің айтуынша, орталықтардың жұмысы тек іс-шара өткізумен шектелмейді. Жастардың нақты мәселесін тыңдап, қажетті бағыт-бағдар беру де маңызды.

– Қалалар мен аудандардың Жастар ресурстық орталықтары биылғы жеті айда 8 687 кеңес берді.

Бұл жұмыстар жастарды қызықтыратын өзекті мәселелерді шешуге және мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіруге бағытталған. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында жыл басынан бері 1 413 шара өткізілді. Саламатты өмір салтын насихаттауға – 760, кәсіпкерлікті дамытуға – 375, құқық бұзушылықтың алдын алуға – 364, патриоттық және әскери-патриоттық тәрбиеге 256 іс-шара ұйымдастырылды, – деді Аслан Кабегенов.

Басқарма мамандарының мәліметінше, нашакорлық пен лудоманияның алдын алуға арналған 193 іс-шара, білім беру бағытында 163-тен астам, отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша 72 іс-шара өткізілген. Жастардың өзара пікір алмасып, жаңа бастамаларын ұсынуына мүмкіндік беретін 11 коворкинг орталық та жұмыс істейді. Олар Балқаш, Приозерск, Шахтинск, Саран, Теміртау қалаларында, Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров, Бұқар жырау, Шет аудандарында және облыстық жастар ресурстық орталығында орналасқан. Мұндай орындардың маңызы – жастардың тек дайын шараға қатысушы болып қалмай, өз жобасын ұсынып, пікірін білдіріп, бастама көтеруіне мүмкіндік беруінде.

Жастар белсенділігінің тағы бір көрінісі – волонтерлік қозғалыс. Қазір облыста 75 волонтерлік ұйым мен топ жұмыс істейді. Оларға 4 мыңнан астам тұрғын тартылған. Волонтерлердің қатысуымен 460-тан астам іс-шара өткізіліп, 14 мыңнан астам адам қамтылған. Биыл облыстық Волонтерлер форумы өтіп, онда «Сарыарқа волонтерлерінің хартиясы» қабылданды. Әлеуметтік-волонтерлік жобалар аясында еріктілер



қарттар үйлеріне, балалар үйлеріне, панажайлар мен басқа да әлеуметтік мекемелерге көмек көрсетіп жүр. Волонтерлерге жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар, коммуникация, психологиялық тұрақтылық және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл бойынша оқыту жүргізілуде.

Жастардың белсенділігі экологиялық бастамалардан да байқалады. «Таза Қазақстан» бағыты бойынша 176 акция өткізілген. Мамыр айында 100-ден астам волонтер қатысқан ROAD-эстафета ұйымдастырылып, Қарағандыдан Қарқаралыға дейінгі бағыттағы бірнеше елдімекенде тазалық жұмыстары жүргізілді.

Жастар саясатының тағы бір маңызды бағыты – әлеуметтік тұрғыдан осал жастарды қолдау. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес облыста 470 пәтер бөлу жоспар-

ланған. 2026 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 42 пәтер бөлінген. Бұл бағыттағы мониторинг тұрақты жүргізілуде.

Қазіргі жастар үшін дәстүрлі мамандықтармен қатар шығармашылық пен цифрлық технологияға негізделген жаңа салалардың да маңызы өңіріп келеді. Осыған байланысты әртүрлі креативті индустрияны дамытуға көңіл бөлінуде. «Saryarqa Creative Hub» суретшілерді, дизайнерлерді, актерлер мен режиссерлерді, аниматорлар мен медиа саласының өкілдерін бір ортаға біріктіріп отыр. Мұнда жастар заманауи технологияларды меңгеріп қана қоймай, өз өнімін жасап, оны монетизациялауды және аудитория қалыптастыруды үйренеді.

Басқарма басшысы Айсұлу Ерниязованың айтуынша, Қарағандының Жастар астанасы аталу мәртебесі ауқымды жастар жобаларын іске асыруға, халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге және жастар үшін жаңа мүмкіндік-

тер ашуға серпін бермек.

– Алдымызда осы берілген мәртебені барынша тиімді пайдалану міндеті тұр. Халықаралық байланыстарды кеңейту, жастар ұйымдары мен сарапшыларды тарту, жаңа жобаларды іске асыру және Қарағанды облысының әлеуетін халықаралық деңгейде таныстыру, – деді облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсұлу Ерниязова.

Алдағы кезеңге де бірқатар жоспар қойылып отыр. Жастар ресурстық орталығы цифрландыру және жасанды интеллект жылына арналған «AI HUB» Digital-клубын құруды, күзгі әскерге шақыру науқаны аясында салтанатты шығарып салу рәсімін өткізуді жоспарлап отыр. «Жоғары оқу орнының үздік студенті – 2026» байқауын жаңа форматта өткізу көзделген.

Суреттер Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасөз қызметінен

Бүгінгі қолдау – ертенгі салық

Бір адамның бастаған ісі өзіне табыс әкеле отырып, бірнеше адамға жұмыс береді, жергілікті нарыққа жаңа қызмет немесе өнім әкеледі, бюджетке салық түсіреді. Ал, мұндай бастамалар көбейген сайын тұтас өңірдің экономикалық тынысы кеңейеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та кәсіпкерлікті экономиканың маңызды қозғаушы күшінің бірі ретінде қарастырып, шағын және орта бизнесті «күнкөріс режимінен» тұрақты даму деңгейіне шығарудың қажеттігін үнемі айтып келеді. Президенттің ұстанымында мемлекеттік қолдаудың сапасына, оның нақты нәтижесіне, өндіріс пен орта бизнестің өсуіне басымдық берілген.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өндіріс – негізгі басымдық

Облыста бұл бағытта оң динамика бар. Биылғы 1 шілдедегі мәлімет бойынша, өңірде 94,5 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оларда 246 мыңға жуық адам еңбек етеді. Кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі 5 триллион теңгеге жуықтаған.

Кәсіпкерліктің экономикадағы салмағын бюджетке түсетін салықтан да көруге болады. 2025 жылы шағын және орта бизнестен республикалық және жергілікті бюджеттерге 409,5 млрд теңге салық түскен. Ал, биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 222,1 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,3 пайызға өскен. Демек, бизнестің айналымы артқан сайын жұмыс орындары көбейіп, бюджет кірісі де ұлғаяды.

Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Расул Қасенхан мемлекеттік қолдаудың нәтижесін осы тұрғыдан бағалау қажет екенін айтады.

– Кәсіпкерлікке көрсетілген қолдаудың нәтижесін бөлінген қаржының көлемімен ғана өлшеуге болмайды. Ең маңыздысы – сол қаражаттың нақты іске айналуы. Жоба жұмыс істеп, жаңа жұмыс орындары ашылып, өнім көлемі мен салық түсімі артса, қолдаудың тиімділігі де көрінеді, – дейді ол.

Кәсіпкер үшін қаржыға қолжетімділік – негізгі мәселенің бірі. Биыл мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы жалпы кредиттік портфелі 57,2 млрд теңгені құрайтын 416 жоба қамтылған. Бұған дейін қолдау алған 1,7 мыңға жуық жобаны қаржыландыру да жалғасауда.

Дерекке сүйенсек, қолдау негізінен өңдеу өнеркәсібі, сауда, туризм, IT, көлік, қосымша қосылған өнім білім беру салаларына бағытталған. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы 20,6 млрд теңгеге 121 жоба, ішкі сауда қағидалары бойынша 1,2 млрд теңгеге 9 жоба қолдау тапты.



Кепілдік құралдары арқылы 1,1 млрд теңге кепілдік сомасына 18 жобаға, ал, кәсіпкерлердің қаржыға қол жеткізуін жеңілдететін кепілдік қорлары арқылы 13,6 млрд теңге сомасына 125 жобаға қолдау көрсетілгені. Экономиканың нақты секторын кредиттеуге екінші деңгейлі банктердің қатысуын кеңейтуге бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы бойынша да жұмыс жүріп жатыр. Оның аясында 29,6 млрд теңгеге 146 жоба қолдау алған.

Мұндай құралдардың көп болуы бір ғана мақсатқа бағытталған. Яғни, қаржысы жеткіліксіз болғанымен, жобасы өміршең кәсіпкерге мүмкіндік беру.

Кәсіпкерлікті дамыту қаламен шектелмеуі керек. Ауылдағы шағын дүкен, шеберхана, дәмхана немесе қызмет көрсету орны да жергілікті экономиканың бір бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда, 2025 жылдың желтоқсанында іске қосылған «Іскер аймақ» бағдарламасының маңызы зор. Бағдарлама шағын және орта бизнесті ауылдық елдімекендер мен шағын қалаларда дамытуға бағытталған.

Кәсіпкерлерге 200 млн теңгеге дейін қаржы алу мүмкіндігі қарастырылған. Кредиттеу мерзімі 3 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесін 12,6 пайызға дейін субсидиялау, сондай-ақ, инфрақұрылымдық және қаржылық емес қолдау көзделіп отыр.

Аймақта бағдарламаны жүзеге асыруға 1,2 млрд теңге бөлінген. Басым бағыттарды қалалар мен аудандар әкімдіктері жергілікті ерекшелікті ескере отырып айқындайды.

– Әр ауданның экономикалық мүмкіндігі мен сұранысы әртүрлі. Сондықтан, кәсіпкерлікті бір үлгімен дамыту дұрыс емес. Қолдау нақты аумақтың ерекшелігіне бейімделсе, оның нәтижесі де жоғары

болады, – дейді Расул Парменұлы.

Қарағанды үшін шағын және орта бизнестің дамуы өңдеу өнеркәсібімен тығыз байланысты. Мемлекеттік қолдау алған жобалардың қатарында «Казклинкер», «Казпромавтоматика», «Таукенөндіруші» кәсіпорындары бар.

«Казклинкер» клинкер плиткаларын өндірісе, «Казпромавтоматика» электр тарау және реттеу аппаратурасын шығарады. Ал, «Таукенөндіруші» жүк тасымалдарын ұйымдастырумен айналысады. Бұл жобалар өңірдегі өндірістік байланысты күшейтіп, жаңа өнім мен қызмет түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өндірістік жобаларды іске асыруда инфрақұрылым мәселесі де маңызды. Биыл жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды жүргізуге 2,3 млрд теңгеге 10 жоба қолдау тапқан. Оның 1,3 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен қаржыландырылды.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы да қолдаусыз қалған жоқ. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мен осы жобаның финалистерін қолдау үшін 40 млн теңгеге 8 қайтарымсыз грант берілген. Жоба жергілікті шикізаттан өнім өндіретін кәсіпкерлердің әлеуетін арттырып, ауылдық жерлердегі шағын бизнестің жаңа бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді. Оның аясында кәсіпкерлерге өнімін жетілдіру, нарыққа шығару, маркетинг және бренд қалыптастыру бойынша да қолдау көрсетіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік: пайдадан бұрын – адам

Сонымен қатар, облыста әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің арнайы тізілімі жүргізіледі. Бүгінде онда 56 субъект бар. Олардың жұмысы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуға,

әлеуметтік осал топтарды қолдауға және қоғамға қажетті қызметтер көрсетуге бағытталған.

Теміртаудағы «Bala» балаларды оңалту орталығы – осы бағыттағы нақты мысал. Орталық 2020 жылдың қазанында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған. Алғашқыда 45 төсек-орынға есептелсе, сұраныстың артуына байланысты сыйымдылығы 51 орынға дейін ұлғайтылыпты. Мұнда 45 маман еңбек етеді.

Орталық 2024 жылдан бері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген. Мұнда физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж қызметтерімен қатар логопед, психолог, эрготерапевт мамандары жұмыс істейді.

Балалардың басым бөлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы оңалтудан өтеді. Дәрігердің жолдамасы бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға тегін қызмет көрсетіледі.

Биыл қаңтарда орталық интерактивті жабдық сатып алуға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант жеңіп алды. Жаңа құрал сөйлеуі мен психикалық дамуы кешеуілдеген балалармен жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, логопедтер мен психологтардың қызметін жетілдірді.

Орталықтың басқарушы директоры Елена Лидің айтуынша, қымбат жабдықты өз қаражатына алу қиын болған. Грант осы мәселені шешіп, оңалту қызметінің сапасын арттыруға жол ашыпты.

Мемлекеттік гранттың жас кәсіпкерге алғашқы қадам жасауға мүмкіндік беретінін Бұқар жырау ауданындағы Рамиль Рысбаевтың мысалынан да көруге болады. Ол аудан әкімінің 1,5 млн теңге грантын иеленіп, аудан орталығында жылдам тамақтану орнын ашып, қаржыға қажетті



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

құрал-жабдықтарды сатып алған.

Кәсіпкер грант туралы ақпаратты әлеуметтік желі мен таныстарынан біліп, кейін бағдарламаның талаптарын зерттеп, бизнес-жоспар әзірлеген. Бірнеше ай дайындалып, жобасын қорғап, қажетті жабдықтарды алған. Оның айтуынша, грант кәсібін бастауға қажетті негізгі құралдарды алуға мүмкіндік туғызды. Ендігі міндет – басталған істі тұрақты кәсіпке айналдыру. Мұндай жобалардың аудан үшін де маңызы бар. Жас кәсіпкер жұмысын кеңейткен сайын жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік алады.

Облыста кәсіпкерлерді сервистік сүйемелдеу жұмысы да жүргізіледі. Оларға кеңес беріліп, бизнес-жоспар әзірлеуге, инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге және мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіруге көмек көрсетіледі. Бұл бағытқа 2025 жылы 14,8 млн теңге, ал, 2026 жылы 17 млн теңге бөлінген.

Кәсіпкерлік ортада қаржылық сауаттылықтың, нарықты зерттеудің және бизнес-жоспарлаудың маңызы артып келеді. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген халық даналығы бизнесте де өзекті. Биыл өңірде кәсіпкерлікті қолдауға 15 млрд теңге бөлініп отыр. Оның 12 млрд теңгесі республикалық, 3 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен қарастырылған.

Бұл қаржының нәтижесі де нақты көрсеткіштермен өлшенеді. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысушылардан бюджетке 18 млрд теңге салық түсіп, 293 жаңа жұмыс орны ашылыпты.

Алайда, басты мәселе – осы нәтижені тұрақты ету. Кәсіпкер алған қаржысын тиімді пайдаланып, жұмысын сақтап, өндірісін кеңейте алса ғана қолдаудың экономикалық әсері ұзақ мерзімді болады.

Облыста биыл да кәсіпкерлікті дамыту жұмыстары жалғасады. Негізгі назар ауылдар мен моноқалалардағы іскерлік белсенділікті арттыруға, жаңа өндірістер ашуға, инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге, инфрақұрылым мәселелерін шешуге және мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Мемлекет мүмкіндік береді, кәсіпкер сол мүмкіндікті іске айналырады. Ал, оның нәтижесі жұмыс орнынан, өндірістен, салықтан және халықтың тұрмысынан көрінеді.

Қазақ «Еңбек түбі – береке» дейді. Кеншілер өлкесіндегі кәсіпкерліктің бүгінгі бағыты осы қарапайым қағиданың экономикалық мәнін көрсетіп отыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Турист көбейтудің тетігі

Кейінгі жылдары кеншілер өлкесіне ат басын бұрған шетелдік меймандар қатары артып келеді. Былтырғы жылдың алғашқы үш айында өңірге 2 мыңнан астам шетелдік азамат келсе, биыл осы кезеңде олардың саны 3148 адамға жеткен. Туристік ағынды ұлғайтуға мемлекет тарапынан ұсынылып отырған қолдау тетіктері де серпін бермек. Соның бірі – елімізге шетелден турист әкелген туроператорларға төленетін субсидия.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қолданыстағы тәртіпке сәйкес, елімізде кемінде төрт күн, үш түн аялдаған әрбір шетелдік турист үшін туроператорға 15 мың теңге төленеді. Алайда, мұның өзіндік шарты бар. Шетелдік қонақ еQонақ ақпараттық жүйесінде міндетті түрде тіркелуі тиіс. Қажетті мәліметтер мен құжаттар уақытылы ұсынылғаннан кейін оларды арнайы комиссия қарап, төлем жөніндегі шешімді облыстың туризм басқармасы қабылдайды.

– Қонақүйлерде кемінде төрт күн, үш түн тұрған әр шетелдік турист үшін мемлекет 15 мың теңге төлейді. Кәсіпкерлер қажетті құжаттар топтамасын ұсынады, комиссия оны қарап, тиісті төлем жүргізеді. Сондықтан, туроператорлар мен қонақүй бизнесі тарапынан мәліметтердің базаға уақытылы енгізілуі маңызды, – дейді облыстың туризм

басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Бұл ретте туристің өзі еQонақ жүйесіне жеке тіркеліп, әуреге түспейді. Қонақүйге орналасқан сәтте қажетті деректерді орналастыру орнының қызметкері енгізеді.

Ал, еQонақ – тек келген қонақты тіркейтін база емес. Жүйе арқылы өңірге қанша шетелдік азамат келгенін, олардың қай мемлекеттен және қай аймақтарға барғанын бақылауға мүмкіндік бар. Платформа Туризм және спорт министрлігі, Ішкі істер министрлігі, көші-қон қызметі, полиция және жергілікті туризм басқармаларының деректерін бір арнаға тоғыстырады.

– Жүйе бізге қанша шетелдіктің келетінін, олардың қай өңірлерге баратынын көруге мүмкіндік береді. Мұндай мәлімет

СІЗДІҢ ҚОНАҚ ҮЙГЕ ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ОРНАЛАСТЫ МА?

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 қаңтардағы №148 қаулысына сәйкес сіз 3 күн ішінде ИІМ-не хабарлама жолдауға міндеттісіз Жалғасы.....

еQонақ жүйесінде немесе мобильді қосымшасында авторизациядан өтіңіз

Шетелдік қонақтың құжаттар сканерленді немесе мәліметтерді өзінше енгізіңіз

Қызмет нәтижесін жеке кабинеттен көре аласыз

Қонақ келгендігі жайлы хабарлама жіберу

Орналасуы орындарының бірыңғай реестрін құру

Туристердің Келу/Кету әрекеттерін бақылау және есепке алу

Туристік ағым және турист портретін сараптау

Bed-Tax туристік алымын есепке алуға қажетті инфрақұрылым жасау

Туристердің тұрақтау кезіндегі тұрмыс сапасын жақсартуға арналған алуан қызметтерді ұсыну

ҚР ИІМ-ін шетелдік туристің келгендігі жайлы хабарландыру

еQонақ ақпараттық жүйесіне Қош келдіңіз!

"еQонақ" - туристік ағынды және көші-қонды бақылауды жинауға және есепке алуға арналған ақпараттық жүйе.

Негізгі міндеттер

- Орналасуы орындарының бірыңғай реестрін құру
- Туристердің Келу/Кету әрекеттерін бақылау және есепке алу
- Туристік ағым және турист портретін сараптау
- Bed-Tax туристік алымын есепке алуға қажетті инфрақұрылым жасау
- Туристердің тұрақтау кезіндегі тұрмыс сапасын жақсартуға арналған алуан қызметтерді ұсыну
- ҚР ИІМ-ін шетелдік туристің келгендігі жайлы хабарландыру

туристік ағынды саралау үшін ғана емес, қонақтарға қажетті жағдай жасап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін

де қажет, – дейді Ирина Любарская.

Басқарма басшысының айтуынша, ендігі міндет – өңір-

де ұзағырақ аялдататын сапалы туристік бағыттар мен қызмет түрлерін көбейту. Ал, әр турист үшін берілетін мемлекеттік қол-



ІШКІ ТУРИЗМ

дау туроператорлардың сыртқы нарықпен жұмыс істеуге деген ынтасын арттыратын тетіктің бірі болмақ.

Туристік әлеуетті дамыту өңір экономикасына да оң әсер етеді. Сарапшылардың пікірінше, туристер санының артуы қонақүй, қоғамдық тамақтану, көлік, сауда және қызмет көрсету салаларының дамуына серпін береді. Сондықтан, туристік инфрақұрылымды жетілдіру, жаңа туристік маршруттарды қалыптастыру және қызмет көрсету сапасын арттыру алдағы кезеңдегі басым бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл өз кезегінде Қарағанды облысының туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, өңір экономикасының дамуына да қосымша мүмкіндік береді.

• ШЕЖІРЕ

Есбайдың асы

Қазақ-қыргыздың ішін-де Шәбден манаптың асы жөнінде көп айтылады. Ал, енді сол Шәбденнің өзі сонау Алатаудың аржағынан Арқа жұртына ат арытып келіп, тамсанып қайтқан Есбай-дың асы жөнінде ұмытып бара жатқан сыңайлымыз. Қыр астындағы қыргыз елі-не алдымен осы ас үлгі-өне-ге болғаны сөзсіз.

Есбай ағасына берілген ұлан-асыр асты ұйымдастырушының бірі болған Жарыбайдың тікелей ұрпағы бола тұра, ел арасындағы асыра дәріптеудің бірі шығар деп оған өзім де аса мән бермей жүруші едім. Қолыма қалам алуыма елге барғандағы бір оқиға түрткі болды. Ауылдағы жақсы ініміз Орал-хан Жұмановтың үйінде түстеніп отырғанымызда үстімізге осы өңір-де талай шаруашылықты басқарған ардақты ағамыз Ғалымжан Құсай-ынов кіріп келді.

— Осы мына шет өңірін бес атаның елі деп атайды ғой. Олар Кәрсөн-Керней, Өлтеке-Сарым, Қояншытағай екенін білетін болар-сындар, — деп әңгіме бастады Ғале-кең, — Бұлардың ішінен есімі елге мәшһүр болған талай қасқалар мен жайсаңдар шыққан ғой. Ал, Қоян-шытағай Есбайға берілген астағы аста-төк молшылықты жұрт әлі күнге тамсанып еске алады. Одан ел аузында әлдебір аса мол нәрсе көрсе «Мынау Есбайдың асындай ғой» дейтін мәтел қалды. Ал, енді сендерге бір қызық айтайын, осы мәтелді мен қайыншылап Орал жаққа барғанымда сол жақтан естіп таң қалдым. Көңілімді мақта-ныш кернеді. Ал, өзіміз болсақ ол туралы үндемейміз.

Ғалекең «Осы сен не бітіріп жүрсің?», — дегендей маған қарап айтты.

— Арамыздан шыққан қалам ұстаған азаматсың, шынында да неге жазбайсың?, — деп сол жерде отырған Төлепберген Әбеуов, Ма-рат Шайкин сияқты достарым мені ортаға алсын.

Тарихымыз қайта түгенделіп жатқан бүгінгі күні былайғы жұрт жоқтан бар жасап жүргенде, тек үш жүздің баласы ғана емес, алты Алашқа түгел сауын айтылған осы бір ұлан-асыр ас туралы шынымен де неге жазбасақ?

...Алдымен шет өңірінің шежірешісі, ел ортасында отырған еңселі жазушы Камел Жүністегіне бардым.

— Шырағым, менің білетінімнің бәрі осында айтылған, — деп ол қолыма «Құба белдер» деген тари-хи үш томдығын ұстатты. Сөйтіп жүргенде «Болашақ» баспасынан ел шежіресі де жарқ етіп шыға келді. Осылар бар, түртініштектеп жүріп, өзімнің естіп-білгендерім бар, қолыма біраз материалдар жи-нақталғандай болды.

* * *

Алдымен Есбайдың өзі кім, сол туралы. Қаракесек Қояншы-тағай руынан шыққан Есбай Бай-мырзаұлы өз заманының белгілі адамы болған. Кенесарының ағасы Саржан төре осы рудың атамекені Бұғылы тауының құншығыс сала-сына ордасын тігіп, Ақмола, Қарқа-ралы бекіністеріндегі орыс-казак жасақтарына октын-октын жасап тұрған жортуылдарында негізінен осы Есекеңе арқа сүйеген. Олай болатын жөні бар. Өйткені, Есе-кеңнің арғы атасы Сазанбай батыр Абылай қолын жортуылға жарам-ды сәйгіуліктермен қамтамасыз етуге мол үлес қосқан адам. Осы жолда баслан бөйгеге тіккен есіл ердің нағыз өзі болған. Есекең бол-са сондай бабаларының басына қонған батырлық пен бак-дәулетті ұшырмай ұстап, оны ел ырысына айналдыра білген дара дана. Батыр-лық демекші, бұл қасиет кейіннен Есбайдың ұлы Бөде мен немересі Серіктің бойынан көрінді. Оған атақты Шөже ақынның мына өлеңі айғақ:

Қаракесек Кәрсөннен шықты Көпбай, Шықты да сөне қалды жанған оттай. Қос тарлан Қояншытағай Бөде-Серік, Дабысы мұзға салған пароходтай.

Есбайдың асын ұйымдасты-рған бауыры Жарыбай мен осы Бөде, Серік. Бөде — Серіктің әкесі. Жорыққа үнемі бірге аттанатын болғандықтан ел осылай әкел-ба-лалы екеуін қосарлап айтатын болған.

Ас Бұғылы-Тағылы тауының



ішіндегі көсілген көркем жазира «Сайлаутас» деген жерде шамамен XIX ғасырдың 60-жылдары беріл-ген. Бұл жер де табиғаттың бер-ген бір ғажайыбы. Сегіз қанат үй орнындай осы үстелдің орындай теп-тегіс жалпақ тас. Бұғылының баурайында ел тағдыры шешілген талай жиын өтіп, осы тастың үстін-де төмам жұрттың алдында сайлау тастары саналатын болған. Жари-ялылық деп осыны айтыңыз!

Асқа ісі қазақ былай тұрсын, алты Алашқа түгелдей шақырылып, сауын айтылғанын жоғарыда айт-тық. Оған қырдағы қырғыздан атақты Шәбден манап, ойдағы өз-бектен Бегдербек бастап, дүйім жұрт жиналған көрінеді. Осы Бег-дербек есімі Сазанбай батыр ту-ралы жырында Жөкен Байтуов та атайды. Ал, Сазанбай Есбайдың арғы аталары, бәрімізге ортақ ба-бамыз. Ендеше, бұл адамның есімі емес, бектердің бегі деген лауазым аты емес пе деген ой келеді. Ал, өз ағайындарымыздан Шоң би, ақыр-ғы батыр Ағыбай, Боранқұл, арқа-лы ақындар Орынбай мен Шортан-бай, Қақпан, Рахима қыз, Ақтентек сері өз өнерлерін көрсеткен. Осы Ақтентектің басынан аяғына дей-ін айрықша жұқалап бастырған ақ киізден асқа арнап, әдейі даяр-латқан ерекше киім киіп келгені әлі күнге аңыз боп айтылып жүр. Оның үстіне оның кісесі, аса таяғы, тіпті, атаның тұсамысына дейін күміс болған. Бұл күнгі әншінің әлдісі Қайрат Байбосынов айтып жүрген «Ақтентек» әні де осы астың артын-да қалған бір белгі.

Өлбетте, той тігілген үй са-нымен өшенеді ғой. Өзірше олар-дың қанша екені жөнінде толық дерек қолға түскен жоқ. Енді Кәмел ағамыздың кітабына жүгінелік: «Есбайдың бір қызының ұзатылып барған жері Кіші жүз Тама еді, сол елдің өзі алпыс үй тігіпті, — деп жа-зына ошақтың басына мың жарым жылқы, үш мың қой сойылған дей-ді деректер. Есіліп жатқан Қармыс өзені қан мен жын болып аққан деп әлі күнге аңыз қылады жұрт. Шо-шыңған балығы шоршып, жағаға шығып жатыпты. Ардақты атамыз-дың асынан немізді айымыз дескен болуы керек, Өйтеуір ұрпақтары үйір-үйір жылқы мен қора-қора қойды топырлатып әкеліп, қыра бергенге ұқсайды. Тіпті, болмаған соң Қырбастың Бәйсейіті:

— Оу, тоқтағындар енді, төрт аяқты мал емес, бұларың елдің ырысы емес пе? Өз ырыстарың-ды өздерің шайқап не көрінді, түге, — деп жаппай сойысты зорға тоқтатқан.

Осыншама адамды мінсіз атқа-рып, астың бас табақшысы, яғни, басшысы үлкен-кіші айрықша күрметтеп, «Бөжен» деп атап кет-кен Қырбастың Бәйсейіті болған.

Ал, әкесі Қырбас атақты батыр Жарылғаптың бел баласы. Атақты Бөгенбай батыр Жарылғаптың төрт

Қарсы келгенін молақ найзамен көз ілеспес шапшаңдықпен іліп тастап, топалаң тигендей қылған Бөкеңе сүйсінбеген жан қалмаған. Дәл өзіндей ешкімнен жеңіліс көрмей, мәреге жеткен жағалбайлы Құр-манмен болған соңғы айқас тіпті қызық болған. Екі батыр бірін-бірі ала алмай, ұзақ айқасып, жиналған жұртқа ат үстіндегі жекпе-жек тәсілінің небір сиқырын көрсет-кен. Ақыры әруақ қолдап, Боранқұл жеңіске жеткен.

Сөз реті келгенде айта кетелік, бүгінгі күні еленбей жүрген ердің бірі — осы Боранқұл. Осы аста да бес атаның әруағын аспандатқан Бөкеңнің былайғы өмірі ғажайып бір кітаптың жүгі. Менің туып-өскен жерім — осы Бөкеннің елі. Жас кезімзде ауыл қарттары бас қосыла қалса, ол туралы тамсана әңгімелеп, небір ерлігінің май-ын тамызатын. Өткен, сол шекіре көкірек қариялардың көпшілігі бү-гін жоқ.

Асқа жиналған адамдар саны жөнінде аңыз былай дейді. Арнап тігілген ақорданың төрінде төбедей болып отырған Ағыбай батырдан тойға келген игі жақсылар:

— Акке, қан майданда талай мың қол бастадыңыз, мына жұрттың қарамаы қанша болар екен, — деп сұраған ғой.

Батырдың бұл ретте өз әдісі болған болуы керек, шолақ найзаны екі қолын ұсынған бойы көлденең қойып, қарап жіберіп:

— Мына бір шоғырдың өзінде мың қаралы адам жүр. Жалпы жи-налған жұрт он мыңнан асып қалар, — деген екен.

Той иелері осынша жұртты той-дырмақ былай тұрсын, қос бүйірі шыққанша мөлдеткеткен ғой. Ас күндері Үшқарасу бойындағы қал-ын ошақтың басына мың жарым жылқы, үш мың қой сойылған дей-ді деректер. Есіліп жатқан Қармыс өзені қан мен жын болып аққан деп әлі күнге аңыз қылады жұрт. Шо-шыңған балығы шоршып, жағаға шығып жатыпты. Ардақты атамыз-дың асынан немізді айымыз дескен болуы керек, Өйтеуір ұрпақтары үйір-үйір жылқы мен қора-қора қойды топырлатып әкеліп, қыра бергенге ұқсайды. Тіпті, болмаған соң Қырбастың Бәйсейіті:

— Оу, тоқтағындар енді, төрт аяқты мал емес, бұларың елдің ырысы емес пе? Өз ырыстарың-ды өздерің шайқап не көрінді, түге, — деп жаппай сойысты зорға тоқтатқан.

Салыстыру үшін айта кетелік, орыс армиясының поручигі Говер-девский 1803 жылы Оралдан Бұқа-раға қарай өтіп бара жатып, Сырым батырдың асының үстіне тап келеді. Асқа екі жарым жылқы сойылыпты деп жағасын ұстап, жазған жазбасы әлі күнге сақталған. Ал, Есекенің асында сойылған малдың қарамаы анау, бұл оның тікелей өз ұрпақта-рынан шығып отырған сойыс, ал, асқа келген қауымның құр қол кел-мегені тағы анық.

Осыншама адамды мінсіз атқа-рып, астың бас табақшысы, яғни, басшысы үлкен-кіші айрықша күрметтеп, «Бөжен» деп атап кет-кен Қырбастың Бәйсейіті болған. Ал, әкесі Қырбас атақты батыр Жарылғаптың бел баласы. Атақты Бөгенбай батыр Жарылғаптың төрт

Алдымен Есбайдың өзі кім, сол туралы. Қаракесек Қояншытағай руынан шыққан Есбай Баймырзаұлы өз заманының белгілі адамы болған. Кенесарының ағасы Саржан төре осы рудың атамекені Бұғылы та-уының құншығыс саласына ордасын тігіп, Ақмола, Қарқаралы бекіністеріндегі орыс-казак жасақтарына октын-октын жасап тұрған жортуылдарында негізі-нен осы Есекеңе арқа сүйеген.

баласының ішінен осы Қырбасты тандап, қызын берген. Сонда Керней атам баласы: «Қыз таңдағанды көріп едік, жігіт таңдағанды бірін-ші білуіміз», — деп Бөкеннің өзіне доқ көрсеткен ғой.

Айрықша ұйымдастырылған бұл астың салтанаты тым ерек-ше болған. «Ақын жырын ұйып тыңдап, қошемет көрсеткен жұрт әр рулы елге тігілген үйлеріне та-расқан. Сонау етектегі, өзен жаға-сындағы қалың ас үйлерден бері қар-ай кілең ақ жейде киіп, тайпалған ақ жорға мінген бір топ табақшы алдарындағы астауларын көтере ұстап, сыдыртып келе жатты. Оның соңынан әй дейтін жерде кілең құла жорға мінгендер көрінсе, одан әрі торы жорғалы жігіттер бой көрсет-кен. Өзен мен аралық салтанатты көрініске толып, жайқалған жай-лау, енді лек-лек жорғалар әсем үйлесім тапқан. — Мын қазактар қалай? — деп тамсанды Шәбден. — Паһ, паһ! — деп ризалығын білдірді Бегдербек». Бір арада да жазушы Жүністегі шындықтан аулақ кетпе-ген. Осындай көрген жанның көзі сүрінгендей салтанат болмаса, бұл ас аңыз болып ауызда қалар ма еді. «Есбайдың асында жорғаламаған-да, атаңның басында жорғалайсың ба?» деп атан өрелеп қойып, қуа-лаған Шұбыртпалы Сәтқазының қылғын жұрт күні бүгінге дейін қызық көреді.

Бір жыл бойы тігіліп тұрған қа-ралы туды түсіру құрметіне ақжол-тай батыр Ағыбай ие болады. Салт бойынша соңғы жоқтау айтылады. Адамның сай-сүйегін сыздатып, тұла бойын шымырлататын бұл жоқтауды ерекше дауыспен Серік-тің жұбайы Рысжан айтқан:

...Үш жүзге мәлім болған атам

Есбай, Барады-ау үріккен тайлақ бір жанаспай, — деп басталатын бұл ұзақ жырдың толық мәтіні өткен, қолға түспей отыр. Есбай атамыз-дың толық бейнесі сонда ашылар еді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін әр-кім өз батырын дәріштеп, тіпті, оларын «Көсемі батырлардың Ер Бөгенбайдың» (ақын Несіпбек Ай-товтың поэмасынан) өзінен асыр-мақ болып тыраштанып бақты ғой. Сонда ер Бөкеннің елі үшін жа-саған ерліктерінің оның қызының жасаған жоқтауында қолмен қой-ылғандай айтылғаны олардың ау-зына құйылған құм болды. Ал, осы Рысжанның жоқтауы қолға түссе, атамыздың атан толықтыруда үл-кен олжа болар еді.

Қазақтың ас пен тойының шы-рқау шыңы ежелден бөйге болғаны белгілі. Есбай асында бөйгеге екі жүзден аса ат қосылған. Ол уақыт-та қазіргдей айналдыра шабу жоқ. Ат айдаушы шабандоз балалар мінген бөйгі аттарын той басталы-сымен ту алысқа айдап алып кетіп,

Бұл өңірде елдің атын шыға-рып, жердің әруағын көтерген абзал жандар баршылық. Қақпан ақынның шәкірті әрі аталас туы-сы, соғыс кезінде ел рухын көтеру үшін әдейі ұйымдастырылған рес-публикалық ақындар айтысында Жамбыл бастаған айтыскерлердің бәрін жапыра жеңіп, бірінші орын-ды жеңіп алған Маясар ағамызға облыс орталығында көше аты бұй-ырды ма екен? Шертпе күйдің ше-бері Сәкен Әбішұлын бүгінде кім еске алып отыр?

Ал, айтулы ел азаматтарының есімдерінің ішінен менің аузыма кеше ғана дүниеден өткен Яхия Әубәкіров ағамыз бірінші ілі-геді. Еліміздің алғашқы экономика ғылымының докторы, академик Яханның есімі берісі бізге, арысы кешегі кеңес еліне түгел белгілі. Елбасы қабылдауында талай бо-лып, ақ батасын берген адам.

Ал, өзге қызметтерін былай қойғанда Жоғарғы сотта отыз жылға жуық табан аудармай су-дья болып істеген Сәтбек аға Ду-латбековпен бірге қызметтес болу бақытын бастан кешірдім. Сонда ол кісінің кішіпейілдігі, адалдығы мен аңқылдаған ағалық пейіліне, өз жұмысындағы кіршіксіз тазалы-ғына ол ұйымның үлкені мен кішісі түгел ризалығын көріп, ке-удемді талай мақтаныш кернеген. Қазадауысты Қазыбек ағамыздай қара қылды қақ жарғанын өзім көріп, көзім жеткен би ағам — осы кісі.

Бір ғажабы, бұл кісілердің пер-зенттері де осал болмады. Яхан-ның қызы Жәния өзінің ғажайып өнерімен бүкіл қазақ елінің атын әлемге паш етті. Ал, қазірдің өзін-де елімізге белгілі азамат, бұрнағы жылы заң саласында ресубли-камыздың «Жыл адамы» атанған ғылым докторы, ақын Сара айт-пақшы «жүректенген жас қолба-рыс» Нұрлан Дулатбековтің шығар биігі әлі де алда деп есептеймін. Алдағы астың өтуіне мұрындық болып жүрген де осы азамат. Алла разы болсын! — демекпіз бауыры-мызға.

Ал, үлкен мемлекет қайрат-кері дәрежесіне дейін көтеріл-ген Кәсімбек Медиұлының берісі Шет, әрісі Қарағанды, Жезқазған өңірінің өркендеуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз десек, артық айтқан-дық емес. Менің әкем Жәмкен ол кісінің әкесі Меди Жасұланұлын «Алғашқы ауыл кеңесін бірге құрысып едік» деп әрдайым риза-шылықпен еске алып отыратын.

Бораш Дағаров, Әшім Әміров бастаған Малғаждар Дадамбаев, Қазыбек Жұманов, Тұрсын Мол-дабеков, Баянғали Жұмаділов сия-қты полководниктердің еліміздің ішкі істерінің қалыптасуына сіңір-ген еңбектері зор. Ал, алғашқы әскери ұшқыштардың бірі (бәлкім алғашқысының өзі) Бекен Қазанға-пұлының ерлікке толы ғұмыры өз жоқшысын күтіп жатыр.

Сол сияқты еліміздің саяси-экономикалық әлеуетінің жоюаюына өз үлестерін молынан қосқан Сембековтер, Жұмағұло-втар сияқты тұтас бір әулеттер өңірімізде баршылық. Аудандағы Боранбай Жұмкин ағамыз ше.

Бұл күнде Талас ауданының әкімі болып отырған Ондасын Жи-енқұлов сияқты сыртта жүрген аб-зал ағайындарымыз қаншама.

Азаматына қарап ауылын таны, демекші, өңірімізде өрелі жандар мен өрен жүйріктер баршылық. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес және мақсат та емес. Мақ-сат қаймағы шайқалмай отырған елімізді дәріштеп, ата-бабамыздан қалған тарихымызды түгендеу. Ел-басымыз тапсыртып отырған «Мә-дени мұра» міндеті де осы.

Арқада өтіп, аңызға айналған «Есбайдың асының» ұзын сорабы осындай. Пайдаланған дереккөз-дерімді айттым. Қыянат болмасын, әсіресе, баяғы Вишневкасынан та-бан аудармаған Шолохов сияқты, Шет өңірінен шықпай ел есін-дегісін түгендеп отырған Камел ағамызды алдағы келе жатқан 70 жылдығымен құттықтап, алдын ала алғыс айтамыз. (Ол мерейтойды ел ағалары ұымтайтыны шығар деген үміттеміз).

Өрине, бұл ас туралы дерек әлі де түгендеуді қажет етеді. Ондай азаматтар табылын, осы редакция-ға немесе мақала авторына хабар-ласып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Сәулебек ЖАМКЕНҰЛЫ,
жазушы-журналист

(Соңы. Басы 6-бетте)

• ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

Боямасыз болмыс бейнесі

Елімізде «Шежіреден болашаққа» атты республикалық кинолекториясы өтіп жатыр. Аукымды ағарту жобасы Қазақстан Республикасы Президенті Телерадиокешенінің 30 жылдығы аясында жүзеге асырылуда. Деректі фильмдер топтамасы Қарағанды қаласында да көрсетілді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Деректі фильмдер топтамасын тамашалауға өңірдің зиялы қауым өкілдері түгел қатысты. Қазақстан Республикасы Президенті Телерадиокешенінің деректі фильмдер орталығының аға редакторы Эльмира Ешмұхаметова да Астанадан арнайы келді.

– Бұл – өте ауқымды жоба. Біз ең үздік деректі фильмдерімізді көрсетіп келеміз. Көрсетілімдер

Қазақстанның 20 қаласында өтіп жатыр. 17 облыс орталығы мен 3 республикалық маңызы бар қала қамтылды. Деректі фильмдерде егемен еліміздің ең маңызды тарихи сәттері және мәселелері баяндалады. Мұнда актерлер жоқ. Барлығы шынайы түсірілген. Белгілі бір өңірде қоғамның алға ілгерілеуіне өз үлесін қосып жүрген қаһармандарды іздеп таптық. Шынайы эмоцияларға басымдық берілді. Эмоциялар арқылы ел дамуындағы айрықша оқиғаларды жеткізуге тырыстық. Деректі

фильмдер өңірлердегі көрермендерден оң бағасын алып жатыр деп айта аламын. Кинотеатрларлық толуда, – деді Эльмира Ешмұхаметова.

«Жолбарыс: Тайгадан да- лаға» – Тұран жолбарысының Қазақстанға оралуы туралы деректі фильм. Ресей президенті Владимир Путин 2026 жылғы мамыр- да Астанаға мемлекеттік сапары кезінде біздің елімізге сыйлық жасаған еді. Бұл – Тайгадан Іле- Балқаш резерватына жеткізілген төрт Амур жолбарысы. Прези- дент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сыйлықты Ресей Президенті са- парының ерекшелігі деп атады. Фильм экологиялық бастаманың Қазақстан мен Ресейдің өзара іс- қимылының жаңа деңгейінің символына айнала отырып, ди- пломатиялық хаттамадан қалай асып түсетінін көрсетеді.

«СЕРТ» – батырлардың әң- гімелері арқылы бүкіл ел 2024 жылдың көктемінде Атырау, Ақтө- бе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында болған жойқын су тасқынынан қалай аман қалғаны және келесі бес ай ішінде Мем- лекет басшысының тапсырмасы қалай орындалғаны туралы баян- дайтын деректі фильм.

Алғашқы көрсетілімдер Аста- нада өтті. Содан кейін Қызылор- да, Түркістан, Шымкент, Тараз, Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе, Өскемен, Семей, Павлодар және Петропавл қалаларына сапар ше- ті. Кинолекторияның жоспарында Көкшетау, Қостанай, Талдықорған және Қонаев қалалары бар. Соңғы көрсетілім Алматыда 25 қыркүй- екке жоспарланған.

Ал, «Қуатты серіктес» деректі фильмі – бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы желтоқсандағы Жапонияға сапарының қорытындысы және екі ел арасындағы ынтымақта- стықты дамыту туралы. Мұнда екі ел арасындағы дипломатияның маңызына мән беріледі.

Ел намысын қорғайды

Көшпенділер өркени- тінің бай мұрасын дәріп- теп, ұлттық спорт түрлерін әлемдік деңгейде насихат- тайтын дүбірлі додаға са- наулы күндер қалды. 31 тамыз бен 6 қыркүйек ара- лығында Кыргызстанда VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Биылғы бәсекеде Қарағанды облы- сының спортшылары да ел намысын қорғап, ұлт- тық спорттың абыройын асқақтатуға күш салады.

Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанаты Қырғызстан астанасында жапа- дан бой көтерген стадионда ұй- ымдастырылады. Ал, 2-6 қыркүй- ек аралығында жарыстың негізгі спорттық, мәдени және ғылыми

бағдарламасы Ыстықкөл облысы- ның Чолпон-Ата қаласы мен Қыр- чын шатқалында жалғасады.

Алдын ала мәлімет бойынша, Қарағанды облысының атынан жеті спорт түрінен сегіз спортшы қатысады деп күтілуде. Олардың төртеуі жарысқа қатысу лицензия- сын алып үлгерді. Атап айтқанда, интеллектуалды ойыннан (Батыс Африка елдерінің ұлттық ойы- ны) Аңсаған Қожанәсіп, ордодан Бақытжан Тлеуқабылов, самбодан 64 келі салмақта Жандос Бейсен- баев және 88 келіден жоғары сал- мақта Болат Сапар сыңа түседі.

Ал, көкпардан Мирас Тақау- иев, Әзербайжанның белбеудегі ұлттық күресі – гюлештен Ерган- нат Молдағұлов, қырғыздың ұлт- тық күресі – күрөштөн Нариман Тұтқышев және тайган жарысынан Нұржан Мырзаханов лицензия алуға үміткерлер қатарында.

Қарағанды спортшылары үшін бұл дода – жаңа белестерді бағын- дыруға берілген мүмкіндік қана

емес, өңірде ұлттық спорттың да- мып келе жатқанының көрсеткіші. Өйткені, көшпенділер ойындары ежелден келе жатқан дәстүрлі спорт түрлерін сақтап, оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің бірегей алаңы- на айналды.

Қарағанды облысының спорт- шылары бұған дейін де Дүни- ежүзілік көшпенділер ойын- дарында жүлдесіз қалған жоқ. 2014 жылы Қырғызстанда өткен алғашқы ойындарда Бекзат Ах- метбеков қазақ күресінен күміс медаль иеленді. 2018 жылы Қы- рғызстанда ұйымдастырылған III Дүниежүзілік көшпенділер ойын- дарында Аңсаған Қожанәсіп ман- галадан командалық есепте екінші орын алса, Айбек Қабдығаниев асық атудан қола жүлдеге қол жет- кізді.

Ал, 2024 жылы Астанада өт- кен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында қарағандылық спортшылар тағы да жоғары нәти- же көрсетті. Аңсаған Қожанәсіп



тоғызқұмалақтан командалық есепте бірінші, жекелей сында екінші орын иеленді. Сонымен қа- тар, ол овари жарысында коман- далық есепте екінші, жекелей сын- да үшінші орынға көтерілді. Сол додада Ажар Салықова кураштан күміс медаль еншіледі.

Биылғы ойындар қарсаңында ұлттық құраманың көкпардағы дайындығына да ерекше көңіл бөлінуде. 10-30 шілде аралығын- да Алматы облысының Жамбыл ауданында өткен оқу-жаттығу жылына ұлттық құраманың жылқыларын тасымалдау үшін «Қарағанды-Павлодар-Қараған- ды-Алматы облысы» бағыты бой- ынша арнайы автокөлік қамтама- сыз етілді.

Суретті түсірген автор

• ТУРНИР

Бәсі биік бәсеке

Қарағандыда грек-рим, еркін және әйелдер күресінен жасөспірімдер арасында «Сарыарқа рухы» республикалық турнирі мәресіне жетті. Оған өңір спортшыларынан бөлек, Түркістан, Абай, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Павлодар облысынан, Алматы қаласынан мықтылар кел- ді. Турнирдің ашылуына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстанның грек-рим, еркін және әйелдер күресі федераци- ясының президенті Еркін Оқасов және облыс прокурорының орынбасары Айдын Раев қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, мұндай фор- маттағы ауқымды күрес додасы Қарағандыда алғаш рет ұйымда- стырылуда. Жас спортшылардың шеберлігін шындап, өңірлер ара- сындағы тәжірибе алмасуға жол ашу мақсатында қолға алынған. Командалар сапында күрестің әр түрінен өнер көрсететін жеті спортшыдан бақ сынады. Қа- рағанды жұртшылығы үшін дүбірлі дода спорттық мерекеге ұласты. Жанкүйерлер кілемге шыққан балуандарға зор қолдау көрсетіп, әр белдесуді ерекше ықыласпен тамашалады. Тар- тысты белдесулер, шебер орын- далған әдіс-тәсілдер мен соңғы секундтарға дейін жалғасқан айқас жарыстың көркін қыздыра түсті.

Грек-рим күресінен 44 келіге дейінгі салмақта белде- скен жерлесіміз Дмитрий Васи- льев «Үздік әдіс» аталымының жеңімпазы атанды. Өзі Әлия Молдағұлова атындағы олим- пиадалық резервтің Қарағанды облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі. Бұған дейін де талай дүбірлі бәсекелерде топ жарып, жеңіс тұғырынан көрініп жүрген жас балуан.

– Грек-рим күресімен айна- лысқанымға сегіз жыл болды. Қазір спорт шеберіне үміткер- мін. Бұл жарыста қолымнан келгеннің бәрін жасап, жақсы нәтиже көрсеткеніме қуанышты- мын. Бұған дейін де грек-рим күресінен республикалық және

облыстық жарыстарда олжа- лы өраланғымын. Мені Бекежан Рахымбеков баптағайды. Бап- керімнің айтқанымен күніне екі мәрте жаттығып, әдіс-тәсіл- дыңді тәжірибе алмастырдым. Бүгін жаттыққанымның арқасында арнайы марапатқа ие болдым, – деді Дмитрий Васильев.

Топ жарған командалар- ды марапаттау рәсімінен кей- ін жарыс бағдарламасы супер жекпе-жектермен жалғасты. Бұл белдесулерде қарағандылық ба- луандар шеберліктерін көрсетіп, жанкүйерлерді қуантты. 65 келі- ге дейінгі салмақ дәрежесінде боз кілемге шыққан тағы бір жерлесіміз Джавахир Иристаев жеңімпаз атанды. Ол тартысты белдесуде Павлодар облысы- ның спортшысын жеңіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Ал, аса ауыр салмақта, яғни, 125 келде бел- дескен Серік Бақытқанов Ақмо- ла облысының спортшысынан басым түсіп, супер жекпе-жектің чемпионы атанды.

Жарыс қорытындысы бой- ынша Түркістан облысының құрамасы турнир жеңімпазы атанды. Күміс жүлде Алматы қаласының балуандарына бұй- ырса, үздік үштікті Абай облы- сының құрамасы түйіндеді. Ал, облыс құрамасы тартысты бәсе- кеде лайықты өнер көрсетіп, командалық есепте IV орынға табан тіреді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ХОККЕЙ

Жеңіске жақындатқан жолдама

Қарағандылық «Са- рыарқа» хоккей клубы Қа- зақстан кубогының жар- тылай финалына шықты. Жерлестер топтық кезеңдегі соңғы кездесуінде петропав- лдық «Құлагер» клубымен кездесіп, 4:3 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар топтық ке- зеңде төрт кездесу өткізіп, жеті ұпай еншіледі. Әуелі «Ертіс» пен рудныйлық «Горняк» клу- бын жеңіп, көш басына шыққан. Алайда, үшінші кездесуінде



«Бейбарыс» клубына есе жіберді. Ал, төртінші кездесу олар үшін шешуші ойын болатын. Десе де, жерлестер қателікке бой алдыр- май, келесі кезеңге жолдама ие- ленді. Кездесудің 10-шы мину- тында бірінші болып есеп ашты. Владимир Волков әріптесі Вла- дислав Никулиниң берген пасын қақпаға бағыттап, командасын есепте алға шығарған. Араға алты минут салып, қарсыластар таразы басын теңестіріп кетті. Бұдан кейін жерлестер сапынан 27-ші минутта – Артем Лихотников, 36-шы минутта – Владислав Дюкарев көзге түсіп, есепті 3:1-ге жеткізді.

Таблодағы санның ауысқа- ны енді ғана еді. Араға бір ми-

нут салып қарсыластар сапынан қорғаушы Сергей Мартынов тағы да есеп алшақтығын қысқартып тастады. Алайда, 38-ші минутта «Сарыарқа» шабуылшысы Дми- трий Преснов қарсылас қақпа- нын соңылау тауып, қайтадан есеп алшақтығын екі шайбаға ұзартып тастады. Осылайша, 4:2 есебімен ойынның екінші айналы- мы да тәмам.

Үшінші айналымда жерлестер қорғанысқа күш салды. Қарсыла- стың шабуылына тосқауыл қойып, қақпаға соққы жасауға мүмкіндік бермеді. Десе де, кезекті шабуыл барысында «Құлагер» шабуылшы- сы қақпашы Данил Кадочниковтан айласын асырды. Қарсыластар

«Сарыарқа» қақпасына үшінші шайбаны 41-ші минутта салға- нымен, ойын соңына дейін таразы басын теңестіре алмады. Осылай- ша, жерлестер қарсыластарын бір шайба айырмашылығымен жеңіп, ел кубогының жартылай финалы- на жолдама алды.

Жартылай финалға «А» то- бынан «Торпедо» мен «Ақтөбе» клубы шықты. Ал, «В» тобында қарағандылықтармен бірге руд- ныйлық «Горняк» жолдама алды. Енді жартылай финалдық бәсеке- де жерлестер 24 тамызда «Ақтөбе- ге» қарсы ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 264 №91 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерханат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ
--	---	---	---